

Мемлекеттің қатысуымен "Алматықұрылыс" холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 4 қазан N 983. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.13. N 736 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру, өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді және нарықтық құрылымдарды қалыптастыруды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік-акционерлік "Алматықұрылыс" концерні кәсіпорындарының, ұйымдарының және акционерлік қоғамдарының, сондай-ақ осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес салалық басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың негізінде мемлекеттің қатысуымен "Алматықұрылыс" холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын, оның орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін заңдарда белгіленген тәртіппен иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруында берілетін болсын.

4. Компания мемлекеттік-акционерлік "Алматықұрылыс" концернінің мүліктік құқығы мен қаржылық-экономикалық міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

5. Компанияға ірі құрылыс бағдарламаларына қатысу, күрделі құрылысты инвестициялау үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру, құрылыс кешенін басқарудың тиімділігін арттыру, өнеркәсіптік және басқа да объектілерді контрактілік негізде салуды кеңейту және дамыту, тұрғын үй нарығын

қалыптастыру, Алматы қаласы мен Алматы облысының, сондай-ақ өзге аймақтардың құрылыс өнімдері мен қызметтеріне мұқтаждықтарын барынша толық қанағаттандыру жөніндегі міндеттерді шешу жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне мемлекеттік-акционерлік "Алматықұрылыс" концернімен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты бітіру және құрылтай құжаттарын бекіту жүктелсін.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер

Советі жанындағы Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі бас территориялық басқарманы тарату және мемлекеттік-акционерлік "Алматықұрылыс" концернін құру туралы" 1990 жылғы 28 желтоқсандағы N 544 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 5, 36-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 4 қазандағы
N 983 қаулысына
қосымша

Мемлекет қатысатын "Алматықұрылыс" холдинг
компаниясына кіретін кәсіпорындардың, ұйымдар мен
акционерлік қоғамдардың

Т І З Б Е С І

"Алматыжилстрой" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыпромстрой" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыкультбытстрой" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыинжстрой" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыоблтяжстрой" акционерлік қоғамы, Алматы облысының
Энергетический поселкесі
"Капчагайтязстрой" акционерлік қоғамы, Қапшағай қаласы
"Алматыоргтехстрой" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыстройтранс" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Құрылысматериалы" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қарағай" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Темір-тас" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Алматыстрой" корпорациясы, Алматы қаласы
"Алматыгорстрой" ұжымдық кәсіпорны, Алматы қаласы
"Алматыгипрогор" ұжымдық кәсіпорны, Алматы қаласы
Акционерлік жобалау-құрылыс АДК корпорациясы, Алматы қаласы
Ново-Алексеевка қиыршық тас зауыты, Алматы облысының Алексеевка
селосы
Жауапкершілігі шектеулі "Келешек" қоғамы, Алматы қаласы
Көпсалалы "Достық" құрылыс фирмасы, Алматы қаласы